



шының оқу нәтижесінде алған біліміне қойылатын мемлекеттік талаптар бар. Ол талаптар тиісті жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарда бекітілген. Біздің мұндай мемлекеттік стандартымызда бекітілген талаптар Блум таксономиясына (1958) негізделген. Оқу пәнінің үлгілік бағдарламасы мемлекеттік стандартта бекітілген осы талаптарды іс жүзіне асыруды көздейді. Оқулықтар осы сипаттағы үлгілік бағдарлама талаптарына сай дайындалды. Бұған көңілім толады деп айта алмаймын. Осы орайда өзіңізге мынадай бір риторикалық сұрақ қояйын: Мұхиттың арғы жағындағы Блумның

күрметті атақ немесе академиялық атақ болса, ол атақты тиісті бір күзиретті мекеме немесе ұйым бермек.

Абайтану саласында еңбек етіп, зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген ғалымдарға мынадай қасиеттер артықтық етпейді: әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны саласынан терең кәсіби білім; әдебиетті, сөз өнері туындысын қабылдаудағы кемел эстетикалық талғам; пәнаралық кәсіби біліктілік т.б.

Менде мынадай ой бар: әдебиеттану ғылымында, жалпы әдебиетте қазір алдыңғы буынға айналып келе жатқан

қабілеті барын көрсеткен жасты докторант қылып алуға ғылыми жетекшінің күзиреті жүрмейді.

— Абайдың шығармаларын әлем халықтарының тілдеріне аударып, кітап қылып шығарып жатырмыз. Сол аудармалардан Абайдың шығармашылық тұлғасы қаншалықты лайықты көрінеді?

— Оған толымды жауап беру оңай емес. Өйткені мінсіз аударма жасау өте қиын. Қазақта мінсіз аударма жасаған қазақ біреу. Ол — Абай. Ал Абайдың шығармаларының аудармаларында осы күнге дейін кемшілік болып келді. Ендігі аудармаларда кемшілік жок деуге болмайды. Жаңа аудармаларда Абайдың шығармашылық тұлғасы қаншалықты лайықты көрінгенін арнайы зерттеулер анықтайды. Ол — алдағы күндердің міндеті.

Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫМЕН

ҚАЗАҚТА МІНСІЗ АУДАРМА ЖАСАҒАН ҚАЗАҚ – БІРЕУ

Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы да мәресіне жетті. Абай жылында дана ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттау бағытында түрлі шаралар атқарылды. Осы тақырыпта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫМЕН сұхбаттасқан едік.

— Абай жылында Абайды тану, Абайдың шығармашылығын насихаттау бойынша қол жеткен қандай елеулі нәтижелерді айтар едіңіз?

— Қол жеткен елеулі нәтижелер аз емес. Солардың кейбірін атап өтейін.

- Білім және ғылым министрлігінің 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру құжаттамасында мамандандырылған ғылыми бағыттардың басты бір тармағы «Абайтану. Қазіргі қоғамдық-гуманитарлық білім жүйесіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы» болып бекітілді.

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу инс-



— Абайдың жеке басына, шығармашылық мұрасына нигилистік көзқарастағы жандар әлеуметтік желі арқылы өздерінің теріс пікірін басқаларға да таңғысы келеді. Оған байланысты не айтар едіңіз?

— Ондай теріс пікірді өзінің ұлттық рухани құндылықтарынан тыс қалған немесе жаттанған, «ар ойламай, пайда ойлаған» жандар айтуы мүмкін. Бұл жерде бүкіл бір елдің, тұтас бір мемлекеттің рухани құндылығын жоққа шығару ниеті бар. Оған қарсы қандай да бір нақты іс-шара қолдануға нақ осы шақта елдің де, мемлекеттің де мүмкіншілігі жоқтығы байқалады. Себебі елдің, мемлекеттің рухани мәдениетінің асыл құндылығына айналған ескерткіштерді жаттың жаласынан, қорлауынан қорғаудың құқықтық негізін біз жасамадық. Егер де біз елдің, мемлекеттің рухани мәдениетінің асыл құндылығына айналған ескерткіштерді қорғаудың құқықтық негізін жасап,